



ИЛИЯС
ЖАНСУГІРОВ



5

A 2004/999



ІЛІЯС



КӨП ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ

ЖАНСҮГІРОВ



5

Пьесалар
Фельетондар



Алматы
ҚАЗЫҒҰРТ
2005

ББК 84 Қаз 7-44
Ж 27

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылды*

Редакция алқасы:
Е.Д.Далбағаев, М.М.Иманғазин, Т.Кәкішев, Т.М.Көпбаев

Томды баспаға әзірлегендер:
**Е.Д.Далбағаев, Ж.Т.Жұмашева,
М.М.Иманғазин (жауапты шығарушы), А.Б.Құлжабаева**

Жансүгіров І.

Ж 27 Көп томдық шығармалар жинағы. — Алматы:
«Қазығұрт» баспасы. — 2005. Бесінші том: Пьесалар.
Фельетондар. — 344 бет.

ISBN 9965-22-106-5

Лияс Жансүгіровтың көп томдық шығармалар жинағының бесінші томына 1931 — 1937 жылдар аралығында жазылған пьесалары, фельетондары енгізіліп отыр.

Кітап жалпы оқырмандарға арналған.

Ж $\frac{4702250201}{482(05)-05}$

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-22-106-5 (Т.5)

ISBN 9965-22-022-0

© «Қазығұрт» баспасы, 2005

ТАП ТАРТЫСЫН ТАНЫТҚАН ТУЫНДЫЛАР

Лияс Жансүгіров шығармашылығы көп қырлы, алуан сырлы. Ол прозада да, драматургияда да өшпес із қалдырды.

Лияс Жансүгіровтің шығармалар жинағының бесінші томына пьесалары, фельетондары, сын мақалалары енгізіліп отыр. Қоғамдағы жағымсыз көріністерді тіліп түсетін алмас қылыштай өткір фельетондары, жаңа дүние орнатып жатқан еңбек адамының жаңаша сипатын қастерлейтін очерктері, әңгімелері, тап күресі, жаңа құрылыс, тарихи тақырыптарға жазылған.

Пьесаларда халық өміріндегі әр алуан қоғамдық-әлеуметтік өзгерістер мен жаңалықтар бейнеленген.

V томына енген пьесалар: «Кек», «Түрксіб», «Райхан», «Колхоз тойы», «Мектеп», «Исатай, Махамбет».

I. Жансүгіровтің 1931 жылдары жазған күрделі пьесаларының бірі «Кек» драмасы. Пьесадағы басты кейіпкерлердің бірі — Есенғұл қажы. Оның оқиғасы Қазан төңкерісінің жеңісінен кейінгі кезең мен елді ұйымдастыру, колхоздастыру дәуірінің арасын қамтыған.

Пьесаның алғашқы көріністерінде байларға қарсы кедейлердің күресі әлі әлсіз, тиянақсыз, ұйымшылдығы жоқ болып көрінеді, тек жанын қоярға жер таба алмай жүрген байлар мен соны қостаушылардың әбігерленген әрекеті суреттелінеді.

Пьесаның екінші жартысында оқиға тікелей кеңес үкіметінің орнауы, колхоздастыру мәселесіне көшеді де, кедейлердің билікті өз қолына алғандығы бейнеленеді.

«Түрксіб» пьесасы сол кездегі Түркістан-Сібір темір жолы салынған мезгілдегі бай, кулак, ұлтшыл элементтердің құрылыс жұмысына кіріп алып істеген зиянкестік әрекеттерін әшкерелеуші және Түрксібтің халқымызға алып келген жақсы қасиеттерін көрсетуге арналған. Түрксіб жолының құрылысында болған ұлтшылдыққа қарсы күрес көрсетіледі. Отаршыл пікірдегі Гатс сияқты инженерлер, Емельянов тәрізді кулактар «қазақ жұмысқа жарамайды» деген теріс «теориясын» айтып қазақтарды жол қызметінен қууға тырысады. Бірқатарын қуады да. Ахметша сияқты алашордашылар, Сыдық сияқты байлар қазақ жұмысшылары арасында үгіт жүргізіп ұлтшылдықты күшейтеді.

Пьесаның акырында Сыдык, Емельяновтардың жасырын «сырын» өздерінің қолшоқпарларының бірі Өміркүл айтып ұстатады.

«Райхан» пьесасы заман ыңғайына бейімделгіш алаяктардың арамзалығын, ауыр жағдайда қалған жанға Кеңес адамдарының қамқорлығын суреттеуге арналған.

«Колхоз тойы» пьесасында Октябрь мерекесін тойлауға жиналған колхозшылардың бақытты колхоз тұрмысы суреттеледі.

«Мін де шап» пьесасында сол замандағы колхоз басшыларының, белсенділерінің қылмысты қылықтарын әшкерелейді.


Ілияс Жансүгіров — қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы. Балаларға арналған пьесасының бірі «Мектеп». Қай жастағы бала болса да ойнауына болатын қуыршақ сахнасына лайықталып жазылған пьеса.

Ол «Исатай, Махамбет» атты драмалық шығармасын жазарда бірнеше жыл батыр Исатай мен Махамбеттің көтерілісі болған жерлерді өз көзімен көріп, көптеген мағлұмат жинады. Бұл пьеса екі нұсқада: біріншісі драматургияға арналып қара сөзбен, екіншісі өлеңмен либретто ретінде жазылған. «Исатай, Махамбет» Ілиястың ең соңғы туындысы.

Ілияс Жансүгіров сықақ әңгімелер де жазған үлкен сатирик жазушы. Ол кісінің әзіл-оспағының астарында терең ой, ірі мәселелер жатады. Ең бастысы мұндай шығармаларында жазушы әрбір оқушысын сабырлы да салмақты, парасатты да кісілікті болуға үндейді. Ебелекше елпілдеп, көбелекше көлпілдейтіндерді көзіне шұқып, сынап-мінеп, ашына ортаға салады. Оның жақсы сықақтары «Пұшық мұрынға кетік ыдыс», «Жалаңаш жиылыс», «Мынау не дейді?», «Кімді кім?», «Басқа пәле тілден», «Екпінді бүлдіргіш». Бұл дүниелер Ілияс Жансүгіровтің жанының мөлдір, көкірегінің таза, ақкөңіл адам екенін айтпай танытқандай көрінеді. Осынау өлең мен қара сөз арасында жазған сықақ әңгімелері, күнделікті тұрмыста кездесетін кемшіліктер мен күрестің ең тиімді формасы болуы жағынан да көптеген каламгерлерге үлгі болды. Бұлар қаншама уақыт өтсе де маңызын жоймайтын, өшпейтін дүниелер.

*Жұмагүл Жұмашева,
Ілияс Жансүгіров әдеби мұражайының
ғылыми қызметкері*

Пьесалар



КЕК

*Қазақстан ұлт-мемлекет
театрына арнаймын.*

Автор

Төрт перделі, сегіз суретті пьеса

Қатысушылар:

Есенғұл — оқыған қажы.

Сейдақмет — би болған жас жігіт.

Меделқан — төре, оқыған тілмаш.

Церен Нойын — қалмақтың ұлығы.

Тілмаш — қалмақтың тілмашы.

Сотхатшысы.

Комсомол қыз.

Пионер бала.

Кәріс — байдың кербез, ойнақшыған тоқалы.

Кәрібай — сақау түйеші.

Аятбай — жылқышы.

Үндемес — қазаншы кемпір.

Тастабан — койшы.

Бидақмет — гимназист (кейін судья).

Қажы.

Қайыршы — қажы.

Мекенбек — округтің өкілі.

Рақым — мұғалім, колхоз хатшысы.

Әнші.

Өкендау.

Бәйбіше.

Халық: әйелдер, жалшылар, комсомолдар, пионерлер.

МЫЛКАУ САХНА

Түн. Ай жаңа көтеріліп келеді. Алакүнгірт қараңғы. Ағаш үйдің есік алды. Біреу сойылға сүйеніп қалғып күзетте тұр. Қара киінген қарулы екі адам келіп, аңсызда күзетшінің дыбысын шығармай басып қалады. Дереу қырқыратып өлтіріп, сүйретіп бір қараңғылау жерге тастай береді де, екі жақтан жасырынып тұра қалады. Үйден аңғал аттап біреу шығып, тұра қалады. Жду екі жақтан тап беріп оны ұстап қалады. Ұсталғанды екі жағындағы екі адам алтыатармен аттатпай тұрады. Сахнаның артынан тымақты біреу шығады. Тымақты жақындай береді. Сахна ақырындап алакөлеңкеге айналады. Сахна артынан орыс офицерінше киінген және біреу шығады. Оған тымақты қолын созады. Офицер қылышын береді. Тымақты сол қылышпен ұсталған адамды шауып жібереді. Ол күрс құлайды.

Шымылдық

БІРІНШІ ПЕРДЕ

Бірінші сурет

Уақиға қалмақ жерінде, (қытайға қараған). Арғыбет, қалмақ жері.

Күз-күз Алатау. Жартас. Орман. Бай үйі. Жасанып сұлу тоқал машинаға киім тігіп отырып, ыңырсып ән салады:

Жайлауы біздің елдің Қарасырық,
Мінемін қарагерді таң асырып.
Түскенде сен есіме, асыл қалқам,
Төсекте жата алмаймын аласұрып.

К ө р і с (*тігісті қойып, сүзіліп қарап, ойланып қалады, тез өзгеріп жылмайып*). Бетім-ау, түндегі өнім бе, түсім бе? Ел білсе қайтем? Ат атандырып, сүйек сындырып, екі ауылдың арасына от тастағаным ғой... Бетім-ау, масқара болар ек қой. Қойшы, осы (*тамсанып*) мырза жігіттің өзі де қырғын екен. Әйелге тоймайды деуші еді, ып-ырас болды! Өзінің үш әйелі бар, оның үстіне, би ағаның кіші тоқалымен де, үлкен қажының Зүкенімен де,

болыс ағаның Ырысжанымен де, онан соң... онан соң... менімен де... құдай-ау, ынсап болсашы! Келем деп еді, нағып келмей жатыр? Келсе екен! *(Тыңдап.)* Үйге біреу түсіп жатыр ма? Аһа, келді! *(Үшып тұра келіп, жүгіріп төрге көрпе салады; үсті-басын қағынып, жаулығын тугеп, қалта айнасын алып қаранып қалады.)*

КӨРІНІС

Үйге Аятбай кіреді.

К ә р і с *(үдірейіп қарап жақтырмай)*. Үйге ат байлаған сен бе?
А я т б а й. Мен ғой...

К ә р і с. О, қаңғырған құлдар! Мен біреу-міреу келіп қалған екен деп, көрпе салып жүрсем... Үйге түскенде күмісті ер-тоқымы сылдырап тұрған немедей сеспен түседі екенсің өзің *(сырт айналып)*, құрыған!

Аятбай. Күмісті ер-тоқымы сылдырап түсетін біз «мырза» емес қой, әуелі, жайдақпын да. Желі басынан жирен биені міне салып көнекке келіп ем, көзіңе түсті ме?

К ә р і с. Ж-ж-жок! *(Далаға шығып кетеді.)*

А я т б а й *(артынан қарап қалып)*. Ым... білем... жайынды білем... қалпеті, мені — мырза келіп түсті ме екен деп қалған екенсің ғой...

КӨРІНІС

Үндемес кіреді.

А я т б а й. Шеше, көнек көзіңізге түсті ме?

Ү н д е м е с Көнек мұнда, қарағым, ішін әбден жуып, кеше күнге дегдітіп алғамын. *(Көнекті алып береді. Аятбай Үндемеске ым қағады. Үндемес жан-жағына бір қарап алып, жукааяқтың астындағы тегештен бір шара қымыз құйып, Аятбайға береді.)* Елдің хабарын құлағың шалды ма, балам?

А я т б а й. Жок, ести алмадым. Мен де сұрастырып жүрмін-ау!

Ү н д е м е с Иә, тіл қайдан болсын! Мұндай жерге тіл келуші ме еді... Ел қайда, жер қайда? Аятжан, осы отырғанымыз не деген жер?

Аятбай. Бұл — Бұратара деген өзеннің басы. Қалмақ жері. Қытайға қарайды. Жетісуға енді қатынаспақ түгіл сүйегіміздің жетуі екіталай, сұм дүние, шеше...

Үндемес. Ей, қарағым... қарағым... Енді сені көргенше кім бар, кім жоқ... *(Жылайды.)*

Аятбай. Шеше, жылама, көрерсің. Біз кебін киіп кеткеніміз жоқ қой. Көп ойлай берме!

Үндемес. Көп ойламайын десем де болмайды, Аятжан, Бейсембай менің кімім еді? Шал марқұм екеуіміз арқа етіміз арша, борбай етіміз борша болып осылардың отымен кіріп, күлімен шығып жүргенде көрген қарға еді. Әкесінен үш жасында қалды. Малға сабақ болған соң, жалшы болды. Сүйретіліп жүріп осылардың ұстаған молдасынан ақтан қара таныттым. Еті тірі жетім еді. Шала таныған хатымен осылардың дүкеніне қолбала болып кіріп, біркеншік болды. Сүйтіп ішке оқуға кетті...

Аятбай. Анау жылғы жігітке кеткенін айтамысық?

Үндемес. Жок, балам, ол жігітке кетердің алдында бір жыл бұрын ішке оқуға барам деп кеткен. Жігіт жинаған апалаң-топаланда қайтып келген. Оны қджылар жігітке жаздырып жіберді.

Аятбай. Онда Бейсембай өзі тіленіп, орысша тіл білген соң, кетіп бара жатқан көп жігітке жүз басы болып кетті емес пе?

Үндемес. Жок, балам, таз қажының мырзасының ылауына кеткен. Онан да тәңірі сақтап келіп еді. Енді кім біледі! Уһ! Мен сорлы мұнша жерге ұзап кетерді білмедім ғой... білмедім ғой! Бейсембайымды көре алмадым ғой!

Аятбай. Бәріміз де сүйтіп жер соғып отырғанымыз жоқ па? Бұлар сыр білдіре ме? Биыл жайлауға ертерек шығамыз, Көпірлі көктейміз... деді. Бұлардың большевиктен сырғып қытай жеріне кетіп бара жатқандың біз сездік пе?

Үндемес. Ей, қарағым, Бейсембайым. *(Жылайды.)*

Аятбай*(көнегін алып, есікке барып, қайта келіп).* Қой, шеше, жылама, босай берме! Бейсембай болаттың сынығы, ол қап түбінде жатпайды; бір жерден жарып шығады. Ойлама, мынау үркін-қорқын біраз аяқсып басылғандай болса, елге барып қалармыз, шеше!

Аятбай шығады. Қолында дәрет құман, шапан жамылған бәйбіше. Аятбайдың артынан қарап.

Б ә й б і ш е. Осы неме үйге келсе омалып отырып қалады. Баласын бөлеп жата ма? Биенің сауымы асып кетті деп Өкен дауыстап жатыр...

Ү н д е м е с Келіп кіргені сол ғой, байғұстың... көнегін алды да шықты.

Б ә й б і ш е. Иә, білем... қымызға сілейіп шықты ғой, байғұсың! Жирен бие осы үйдің жанында байлаулы тұрғалы қашан? Сендердің осы өтіріктерің, осы ұрлықтарың мені күйдіреді!..
(*Жайнамаз жайып намазға кіріседі.*)

КӨРІНІС

Өкендау кіреді.

Ө к е н д а у (*Үндемеске*). Үндемес-ау, анау бұзаудың қазықта жатып қалғаны қалай? О, құдайдан безгір шір-кін-ай, малды бір мал десендерші! Бар, осы ауылдың өзге бұзауларына қосып ылдиға таман түсіріп жібер! (*Үндемес кетеді. Өкендау бәйбішенің жанына таман, қыңырлап келіп.*) Жазған сопым-ау, намаздың арқасын күн шалдырып оқисың-ау! О, жыбырлаған ерніңнен сүйіп алайын-ау. Алқам! Қалқам! Пішу-пішу!

Б ә й б і ш е (*жырқылдап күліп жібереді*). Қойшы, ибай... құрғыр, Өкесі-ау, тіпті сайтан боп кеттің бе? Намаз бұзылып кетті...

Ө к е н д а у (*күліп*). Намаз түгіл, дәрет те бұзылып кетті деп білемін. Ақыр намаз болмай кетті.

Б ә й б і ш е. Сен намазды бұзып сайтан болдың той.

Ө к е н д а у. Кеше кешкі етке мені шақырттырмағаның қалай? Өзің жегенде мүйізін шықты ма?

Б ә й б і ш е. Кісі көп болды. Би қажының ауылының әйелдері болды. Оған көңіліңе келмей-ақ қойсын.

Ө к е н д а у. Соның айыбына бетінді бері әкел, құшырланып бір сүйіп қояйын. (*Бәйбішені икемдей береді.*)

КӨРІНІС

Кәріс кіреді. Өкендау отырып, бәйбіше намазға тұрып қалады. Кәріс машинасына отырады.

Өк е н д а у (*көптен сон*). Ой, пірім-ой, бұл жалшы деген итке не айтарсың, а! Алғаның ас болмағыр шіркіндер, тым болмаса, ішкен тамағын адалдап ішсеңші! Бие уақытымен сауылмайды. Ана құлдар осында көнекке кетіп еді, ет асым отырды. Бұзаулар түске шейін қазықта қатып жатады. Табаны тиген жырық атанды жапырақты бетке шығарып қоймай, жатқан жерінде әлі жатыр. Сау түйенің соңына еріп сақауы кетті. Бұл шошқалар қдай оңар! Бұларды қажы малшым бар, жалшым бар дейді-ау! Ә?

К ә р і с. Қажы оларды нағылсын. Қажының сенгені жалғыз сіз емес пе? Сіз өзіңіз бас-көз болмасаңыз, бұлар не барқадар таптырушы еді!

Ө к е н д а у. Мен де шыжық болып өлетін болдым.

Б ә й б і ш е (*жайнамазын жия беріп*). Өкесі-ау, оның несін айтасын? Несіне ренжисің? Жалшының ісі белгілі емес пе? Байдың малын аяй ма! Тек оларға тоқпак керек, тоқпак! Сенің қолыңнан алар кісі жоқ...

Ө к е н д а у. Мені не дейтінін білесіз бе? Итаршы дейді. Осы жалғыз айыл Керейге не жетпейді дейді.

Б ә й б і ш е. Олай дегеннің жағын айырыңыз. Сіздің қолыңыздан алар кісі жоқ. Қажы жоқта қажы — сіз. Өзі ол жақта қалып, бұл жақтағы мал-жанға сенген иесі — сіз! Жалшылардың қанын шығарып жұмсаңыз!

Ө к е н д а у. Әйтеуір, жүрген бір кебекпін. (*Өкендау, бәйбіше далаға шығады.*)

К ә р і с (*ойланып*). Бетім-ау, түндегіш-ай!.. Мейлі, кезі келсе кетпен шап! Кіммен кім жүрмей жатыр. Масқара, мұны бірақ ел сезбесін. Әсіресе бәйбіше сезбесін. Өзінің Өкендаумен жүретінін біліп иығына шығып едім, енді мынаны сезсе қайта күш алып кетеді ғой. Әсіресе осылардан сақтану керек.

КӨРІНІС

Сейдақмет кіреді. Кәріс ұшып тұрып көрпе салады. Сейдақмет білегінен ұстай алады. Кәріс қымсынады.

К ә р і с. Қой, ойбай, біреудің көзіне түсерміз.

С е й д а қ м е т. Жақсы жатып, жай тұрдың ба?

К ә р і с. Бүгін жақсы жатып, жай тұрмасам, қашан жақсы жайланар дейсің! Бірақ, түнде өзің кеткеннен кейін ұйықтай

алмадым. Жүрегім тулап...таң атқаннан бері сені... *(Үялып.)* Ибай, сізді күтіп отыр едім, ісім өнбеді. Ойымда жалғыз сіз.

Сейдақмет (жеңген кісіше). Ә, солай ма?

Кәріс. Мырза жігіт, сенің пәлең бар екен, сені сағынатын болдым. *(Үялып бетін басып.)* Ибайи, сізді дегенімді.

Сейдақмет. Ә, солай ма, біз сондай жігітпіз!

Кәріс (куліп). Солай екенінді өзгелер айтушы еді, енді көзім жетті. Бірақ, бұрынырақ білдірмегенсіз, сәл кешіккенсіз.

Сейдақмет. Кайыр, игіліктің ерте-кеші жоқ деген ғой, кәні. *(Сүйе бергенде.)*

КӨРІНІС

Өкендау, бәйбіше сасып кіреді.

Өкендау. Келіп қалды! Келіп қалды! Е, алда тағаланың аман келтіргені-ай!

Бәйбіше (олай-бұлай қолы ербеңдеп жүгіре береді.) Бол! Бол! Неғып тұрсың! Жина үйдің ішін! *(Кәріс, Сейдақмет аңырайып тұрып қалады.)*

Өкендау. Е, құдай екесі-ай, келіп қалды. *(Бәйбішеге.)* Үйді жайландар, мен атын ұстайын...

Сейдақмет. О, кім кеп қалды?

Өкендау (қарбалаңдап). Міне келді, мен атын ұстайын! *(Шығып кетеді. Бәйбіше мен тоқал жастықты, көрпені біресе олай, біресе былай алып жүгіріп қайда қоярын білмейді. Сейдақмет салбырап тұрып-тұрып ол да шығады.)*

КӨРІНІС

Үйге қылыш асынған офицер киімінде Меделқан, қылыш асынған қазақ киімді қажы кіреді. Сейдақмет, қоржын-қоланды алып Өкендау кіреді. Меделқан әйелдерге қол беріп амандасып отырады. Қатындар, басқалар қажыдан жым болады. Үйдің ішін тыныштық алып ауырлық басады. Қажы отырып белін шешеді, тымағын шешіп Кәріске береді.

Қажы (Кәріске). Жастық әпер, ана кісіге де жастық бер! *(Кәріс қажы мен Меделқанға жастық береді; шар жантайысады.)*

Қ а ж ы(*шаршаудан*). Үһ! (*Өкендауга*.) Мал-жандарың тегіс аман ба?

Ө к е н д а у. Құдайға шүкір, аманшылық. Келіп қонған күні қасқыр бір құлынды жеп, екі құлынды жаралап кетті; одан бері шүкір.

С е й д а қ м е т(*Өкендауга*). Өке, шақшаның ал...

Ө к е н д а у(*шақшаны береді*). Құлдық, міні.

С ей да қ м е т(*насыбай атып отырып*). Осы бір қалмақ мазаны алып тұр. Ауылға күнде қоқандап келеді. Сүлеймендердің екі атын ұстап әкетті.

М е д е л қ а н. Не деп ұстап әкетеді?

Ө к е н д а у. Е, алдияр-ай, не деп ұстап әкетті деріңіз бар ма? Келеді де ұстап әкетеді. (*Меделқан шылым жасап тартады*.)

С е й д а қ м е т(*жайлап*). Қашан шықтыңыздар?

Қ а ж ы. Шыққалы көп болды. Қараүңгір асып келдік.

Ө к е н д а у. Мәссаған безгелдек! Сонау Қараүңгір ме, түү! Асуы жаман деген. Әбден шаршаған екенсіздер ғой.

М е д е л қ а н. Прямо замучились. (*Тым-тырыс*.)

С ей да қ м е т(*жайлап*). Ол жағыңыз қандай, тынышталды ма?

Қ а ж ы. Тынышталу кайда! Қайта қағынып кетті.

Ө к е н д а у. Сұмдық-ау, большевиктер әлі жүр ме, сол жакта?

М е д е л қ а н. Әзір жүр, жуырда кетеді.

Ө к е н д а у. Ой иттер-ой! Өздері де бір өлермен неме екен... Ананы қарашы, әлі қара таласып жүргенін!

С ей да қ м е т(*қажыға*). Бидақметтің хабарын біле алдыңыз ба?

Қ а ж ы. Бидақметтен хат алдым. Олар Алматыда екен. Переворот болғаннан бастап гимназиясында жөнді оқу болмаса керек. Мынаның арты тынышталар ма екен, қысқа оқу қайта ашылар ма екен деп, соған қарайлап жүрміз депті. Ордабаевтарда тұрады екен. Тамағымыз ток, бірақ, Тоқаш деген біреу шығып кала, даладағы байлардың мазасын кетіріп тұр депті. Мен оған — ауыл арғыбет асып кетті, большевиктің не әскеріне кір, не қызметіне орналас, не тура Құлжа айналып ауылды тап дедім. Ол осы екеуінің бірін қалауға тиісті.

С е й д а қ м е т. Большевигі құрысын, ауылды тапса екен.

Ө к е н д а у. Кім біледі, Пидаш дегендер орыс боп кеткен бала той, ауылды ойламайды да...

Қ а ж ы. Әлгі Кедес кемпір бар ма?

Б ә й б і ш е. Осында, қазан-аяқ ұстап жүр.

Қ а ж ы. Оның баласын өлтіріп кетті.

Сейдақмет. Бейсембайды ма?

Қажы. Иә, соны өлтіріп кетті (өңі қараяды).

Өкендау. Тапқан екен, пәлем, жазасын! Большевик болам деп едірендеп жүр деп естімеп пе едік?

Қажы. Большевик болса, сол большевикті өлтіріп кетті. Жалғыз ол емес, сол жатақтардың төртеу-бесеуін қырып кетті.

Өкендау. Кім-кім болды екен?

Қажы. Бейсембай мұғалім, Тұякбай мәзін, әне бір сиыршы Шаппа, әне бір шұбар Бікен, тағы бір бала, және бір Жұмайдың¹ кемпірі...

Өкендау. Иә, өңшең Қарағаштың большевиктері. Кім де болса, өлтіргендердің жолы болсын!

Меделқан. Өлтіргендер — большевиктердің бандалары.

Өкендау. Ендеше, олардың жолы болсын! (*Үйдегілер куліседі. Қарқылдап сөгіліп төре күледі. Қажының қабағы тастай түйілі ундемейді.*)

Қажы (*сағатына қарап Кәріске*). Құманға су құйдыршы, намаз жақындап келеді екен! (*Кәріс, қажы шығады. Төре шалқалап шылым тартады.*)

КӨРІНІС

Үндемес кіреді; бәрі де жым болады.

Өкендау (*жарқылдап*). Сүйтіп қажылар большевиктің бәрін де құлқуалда қаласы қыпты деңіз.

Сейдақмет. Большевиктің өзі де бет-бетімен қашты дейді ғой.

Үндемес (*бәйбішеге*). Немене, қажылар елден не хабар айтады?

Бәйбіше. Ел аман-есен дейді. Большевиктер жеңіліп, қырылып қалыпты дейді.

Үндемес. Бейсембайды біле ме екен? (*Біраз тым-тырыс. Өкендау Сейдақметке ым қағады, өзара ақылдасқандай болады.*)

Өкендау. Қажы Қарағаштағы кара шұбар мұғалімді өлтіріп кетті дейді.

Үндемес (*аңырып*). Не дейді... Не дейді!?

¹ Шаппа, Бікен, Жұмай, Құлдар — ру аттары.

Өк е н д а у (*қаттырақ*). Қарағаштан бірталай адамды өлтіріп кетті дейді. Оның ішінде бір қара шұбар, шашты жігіт бар дейді. Біз сенің балаңа жорып отырмыз.

Ү н д е М е с Кім өлтіріп кетіпті дейді?

Б ә р і (*тегіс*). Большевик! Большевик! Большевиктер өлтіріп кетіпті! (*Бәйбіше, Өкендаулар көңіл айтады.*)

Ө к е н д а у. Құдай иманын жолдас қылсын.

Б ә й б і ш е. Балаң шапағатшы болсын! (*Үндемес меңірейіп барып есінен танып, тізесіне басын қояды.*) Жаман қардың жүрегі жаман еді...

К ә р і с (*кіріп*). Өке-ау, осыны несіне айта салдың?

Б ә й б і ш е. Е, айта салмағанда бұл немелердің өлімін мал сойып естіртпек пе едім!

Ө к е н д а у. Е, азар болса өліп кетер, бұдан менің тобым азаймақ па!

К ә р і с. Жоқ, тіпті айтпай-ақ қойғанда қайтер еді дегенім ғой. Бұл кемпір енді жұмыс қылады деймісің; еңіретер де отырар.

Б ә й б і ш е. Жұмыс қылмаса өлгенінің артынан кетер!

Ү н д е м е с (*есін жиып алып, қалтыраған дауыспен өкіріп қоя береді.*) Бейсембай-ай! Қарағым-ай!

Ө к е н д а у. Мәссаған, безгелдек!

Ү н д е м е с (*екі буйырін таянып*):

Қуарды-ай менің құрағым,
Суалды-ай менің бұлағым.
Жаман атын жалғыздың
Жаңа шалдың құлағым.
Жастай жалшы боп өстің
Қайырын қып кісінің.
Жат көштегі ит боддым
Жауға алдырған күшігін!

Ө к е н д а у. Сабыр, сабыр...

Ү н д е м е с:

Бұратара езені
Терең бе екен, сай ма екен
Ажалы жеткен қарғамның
Топырағы кайда екен...

КӨРІНІС

Аятбай жылап кіреді де, кемпірді құшақтайды.
Аятбай. Бауырым-ай! Боздағым-ай! Бейсембай-ай!

КӨРІНІС

Қажы (қолында құман, дәреттен кіріп қалшылдап ақырады).
Бұл не? Кысқарт! Бассыз үйдің итіне ұқсамай! Тоқтат! Карыстыр жағынды!

Шымалдық

Екінші сурет

Күндіз. Алатау. Құз. Бұратара өзені. Таста ұйықтап жатқан қойшы.

Біраз тым-тырыс.

Тастабан (шошып оянады.) Аһа-һайт-ай!.. һайт-ай!.. Айтақ-айтақ! (Көзін ашып, есіне келіп.) Әлі мен айтақтадым ба? Неге айтақтадым? (Қарқылдап куледі, қоймай куледі, азар тоқтайды.) Тегі ме жын соғар (куледі). Біздер өлгенде айтақтап өлеміз той. Түні бойы мен кірпік айқастырмадым. Түнде күзет, күндіз бағын. Осымен өмір өтіп келеді. Әй, бүйтіп берген күні құрысын!.. Сүйтсек те байға жақпаймыз. Керек десе, табан ет, маңдай тері ақымызды да жарытып бермейді. Айтқаннан және жырмалайды. Ауызымен алты айға бір бесті, қолымен алты айға бір ешкі. Әй, қажы-ау, оңбас-сың-ау, көрінде өкірерсің-ау. Бәлем (кіжініп), осы малды ақыретке айдап барсаң — бардың, бармасаң, қажы, кебінің жармасармын-ау. Бәрінен бұрын бізді торғайдай тоздырып әкеткенін айтсаңшы. Біз — қарабауырлар осылардың сүргінімен қазір тілім-тілім болмадық па? Мынау жатқан құз-құз Алатау біздің басымызда емес пе? (Ән салады.)

Басынан Қаратаудың кеш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Қарындас пен кара орын қалғаннан соң,
Кара көзге мөлгілеп жас келеді...

Міні, біздің жайымыз осы. Уһ! Қайран ел, қайран Жетісу Аятбайдың айтса, айтқанындай-ақ еді... V-
Жетісу...

Жетісу, шөбін шүйгін, суың тәтті,
Жаксы қып сонша сені кім жаратты?
Ененді екі ұрайын ит кедейлік,
Арканың аркамызға батты қатты.
Арғыбет, әулие өзен Бұратара,
Мұны да құдай біздей жылата ма?
Бұйырмай туған жердің топырағы
Бұл жакта каламыз ба быратала?..

ӘІ

дейді Аятбай. Әй, Аятбай, асылсың-ау, айналайыш!..

КӨРІНІС

Аятбай келеді.

Аятбай (*Тастабан желкесінен*). Һаррап!

Тастабан (*шошып*). Һайт! (*Жалт қарап, танып.*) Сені жын соғып кеткен бе? Жүрегім жарылып кете жаздады!

Аятбай (*қарқ-қарқ, бірсыпыраға шейін үзбей куледі*). Не екен деп қалдың?

Тастабан. Ит екенсің ғой. Жолбарыс па, қасқыр ма, сайтан ба? Кім білсін, сенің кім екенінді! Жат жер, жаман ай, жаман жыл мынау...

Аятбай (*сықылықтап куліп, тоқырап, жалынып*), Ал, ал ашуланба! Бір жолғы ашуынды маған байла! (*Құшақтайды. Екеуі біріне бірі қарап тұрып-тұрып, куліседі.*)

Тастабан. Сен мұныңды қой. Құл құтырса, құдыққа қармақ салады деп, осы күні біздің қайбір ойынымыз келіп жүр? Жүрегім жаман, жазым боп жарылып кетсе қайтесің?!

Аятбай (*куліп*). Жарылып кетсе, өліп кетерсің.

Тастабан. Мен тірі жүргенде Құлдардың (*Аятбай руының аты*) егініне түстім бе?

Аятбай. Өлсең Бейсембайдан артықпысың? Өлерсің де кетерсің. Уһ! Қайран жас Бейсембай... (*отырысады*).

Тастабан. Бейсембай — шын жігіт еді. Азғана үй кара бауыр Кедестің... Кедестің ғана емес-ау, қажыларға сіңіп жүрген барлық Алшынның, Елшеннің, Каржаудың, Құлдардың, Акшора-шаппаның, Тәукенің (*ру аттары*) — барлығының бір жігіті еді, лаж бар ма?

Аятбай. Сен осы большевик өлтірді дегенге иланамысың?
Тастабан. Е, ит біле ме, өлтірсе өлтірген де шығар! Большевик көрінгенді ата береді білем ғой.

Аятбай. Жоқ, бұл бекер. Бейсембай — большевик. Большевикті большевик өлтірмейді.

Тастабан. Ия, ия, білем, Бейсембай — большевик.

Аятбай. Ол большевик болғанда, мықты большевик болатын. Ана жылғы алған жігітке кетіп, ішке барып келген соң ол мына байлардың бәріне де қарсы болды. Байлардың мектебінде мұғалім боп тұрып ол, байларға қарсы сөз таратыпты. Байлар оны мектептен қуды. Ал, осы большевик шығады дегеннен бері кедейлерге — заманың туып келеді, байлардың ажырығынан құтыласындар, — дейтін. Большевик дабысынан байлар бері қашқанда, ол Қарағаштағы жатақтарды большевикке жазып, өзі большевиктің бір мықты кісісі болыпты.

Тастабан. Большевиктің болысы десенші!

Аятбай. Большевикте болыс болмайды білем. Олардікі... олардікі (*ұмытып қалып, ойланып*), немене еді, құдай-ауаты... Ия, совдеп бопты.

Тастабан (*қайталап*). Совдеп бопты...

Аятбай. Ия совдеп бопты. Сол жердегі жатақтар большевик болып алыпты да, байлардың көк шатырлы үйлеріне кіріп-кіріп алыпты. Бері көшердің алдында мен осыны естігем. Мұны осылардың өзінен құлағым шалған.

Тастабан (*ойланып*). Ым-ым, онда оны өлтірген большевиктер болмады. Басқадан болды. Басқадан... Сенің сөзіңнің жаны бар.

Аятбай. Мен осылардың өздерінен күдіктенемін. Оны түбінде естірміз. (*Өзгеріп.*) Білерміз. Менің осы сөзімді тос... (*Арқаға қағып*) Оны кой, мына кемпір өлуге айналды ғой. Балам деп түннен бері аңырап жүр. Аузына дәм салған жоқ. Оның үстіне, токал желкелеп, теуіп қалып жатыр. Ол, жылай-жылай отынға кетті. Әне естимісің? Осынау дауыс сонікі...

Тастабан. Әй, бейшара-ай, қайтсын? (*Екеуі де көздеріне жас алады.*) Бұл енді есалаң боп кетпесе жарар еді.

Аятбай. Тастабан!

Тастабан. Құлағым сенде.

Аятбай. Біз де жанбыз деп жүрміз ғой. Бізде де жұртшылық болуы керек қой.

Тастабан. Ия, бізде де болу керек.

А я т б а й. Ендеше осы кемпірдің көзіне баласының топырағын бір көрсетелік те.

Т а с т а б а н. Кайтып? Бізді өлсе жібере ме екен?

А я т б а й. Жібермейтіні рас. Бірақ, қимыл қылу керек. Бүйтіп бұйығып үндемей өлуге болмайды. Осы күймен жүре берсек, әрқайсымыз әр бұтаның түбінде қаламыз.

Т а с т а б а н. Енді не қыламыз, қаша аламыз ба?

А я т б а й. Каша алар едік-ау, аса аламыз ба? Асуда калмақтың әскері жатыр. Келген жолдан басқаны білмейміз. Біз өзіміз бірдеңе қып кетер едік, өңкей қарабауырлардың бірі ақсақ, бірі тоқсақ; бұлардан бөлініп қайда кетеміз? Мына кемпір де жүре алмайды.

Т а с т а б а н. Сен бір ақыл таппасан, мен біле алмаймын.

А я т б а й. Менің білетінім — әйтеуір арам өлуге болмайды, далбас керек. Далбас керек. Большевик құрымай байлар қайта көшпейді. Біз ел сағындық, әке-шешеміз қалып еді, дегенге бізбен бұлар санаса ма? Осында үркіп келген алты ауылдың сабағында жүз отыздай малшы-құлшы бар. Осылар тегіс қашып және құтылмайды. Бірлі-жарымы қаша қалса, қалғанына қысым болады.

Т а с т а б а н. Ау, әне күнгі қайыршы шалдың айтқанын істеп көрсе қайтер еді?

КӨРІНІС

Үш қалмақ шыға келеді.

Бірінші қалмақ (*ашулы*). Чи эн голийн мөрін тавхдек?

Т а с т а б а н (*шошын*). Шайт, һай!

Екінші қалмақ. Мөрін ёвла ёртха!

А я т б а й. О, білмеймін, не дейсіз?

Үшінші қалмақ (*қазақша*). Жылқыны неге мына өзенге жібергенсің? Дереу ат ұста!

А я т б а й. Жоқ, жылқыда ат жоқ. Бәрі құлынды бие, тай, байтал...

Үшінші қалмақ (*зекін*). Шапшан ат ұста!

Бірінші қалмақ (*ашулы*). Цаг туділ уга мөрін барх!

Екінші қалмақ. Мөрін ёвла ёртха!

А я т б а й (*ықтап*). Жоқ, бәрі құлынды бие. (*Қалмақтар Аятбайды айдай шығып кетеді. Сахна біраз тым-тырыс.*)

КӨРІНІС

Кажы, Өкендау кіреді.

Өк е н д а у (*қолын көлеңкелеп, бір қолын созып*). Әні, әні, бір қылаң жылқыны ұстады.

Қ а ж ы (*кіжініп*). Кап-қап! Шаштың-ау, тәңірісі (*кейін*). Әлгі иттің баласы көріне ме?

Өк е н д а у. Сол гой, анау, әні қыланды қуып ұстаған сол жылқышының өзі. Әлгінде күзеулі кер биені мініп жүр емес пе еді? Әні, сол. Әні екі баран, бір қыланды жетелеп үшеуі ары асты. Анау жылқышы бері шауып келеді.

Қ а ж ы (*кіжініп*). Кап! Ку құйрық құлдар, әкенді көрсетермін, түбіңе жетермін!

Өк е н д а у (*жалпылдан*). Жылқыны осы беті ашыққа мен мұндалатып салып қойғанын қарасаңшы, мұны алмағанда калмак кімді алады!

КӨРІНІС

Аятбай шылбыр ұстап, бет-аузы қан, бұларға келеді.

А я т б а й. Калмактар үш ат ұстап әкетті!

Қ а ж ы (*жақындай беріп*). Қай-қай ат?

А я т б а й. Кара ат, күрең қасқа жорға, Бидақметтің көк бестісі.

К а ж ы (*қайнай*). Қолыңнан ұстап беріп тұрсың гой!

А я т б а й (*ыңқылдан*). Өзімді ұрып... басы-көзімді шиедей қып кетті... Қолым кетті...

Қ а ж ы (*қайнап*). Жылқыны осы араға, жаудың бетіне, бадырайтып салып қойғаның қай кастығың? Бойдағын өзен маңына жуытпа! — деп, мен қақсағалы қашан? Әдейі беріп тұрғаныңды көріп тұрмыз!

А я т б а й (*сазарып*). Әдейі беруге... Қалмақты мен шақырып келмегенімді де көріп тұрған шығарсыз, кажы...

Қ а ж ы. Әнені! Әнені! О, әкең, Байғұлдың... жетпіс жеті әкеңнің ауызын... (*Ұрады. Аятбай бедірейіп таяққа шыдайды.*)

Өк е н д а у (*арашалап*). Араша, мырза, араша! Бір ашуыңызды маған байлаңыз. Бұл шошканың өзінің де таяктан тамтығы қалмапты ғой. (*Аятбайға.*) Өзің де бір ант атқан адамсың!..

А я т б а й (Өкендауға зекін). Тарт әрі! Аулақ! Өлтірсін!

Қ а ж ы (Аятбайдың қолынан шылбырды алып). Есік есіктен өткен... Тесік тесіктен өткен әке-бабанның ауызын ұрайын! (Өкендауға.) Шешіндір! Шекпенін ал! (Өкендау шешіндіреді.)

Қ а ж ы (қалшылдап). Жа-жат! (Өкендауға.) Үста аяғын! (Аятбай қирап, сынып азар жатады. Өкендау аяғынан мінеді. Қажы шылбырды бурап ұстап басына мінеді. Жезді қамшымен ұра бергенде.)

Ш ы м ы л д ы қ

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Бірінші сурет

Уақиға әлі қалмақ жерінде. Қажы тапаншаны сүртіп отырады. Бәйбіше қоржын тігіп отырады.

Қ а ж ы (Кәріске). Өкең қайда кетті?

К ә р і с. Сіздің атты ұстатып жүр.

Қ а ж ы. Шақыр, мұнда келсін. (Кәріс шығады. Қажы бәйбішеге.) Сен қоржынға не салдың?

Б ә й б і ш е. Мына басында киімдеріңіз бар, мына басына тамақ салдым.

Қ а ж ы. Оқ салдың ба?

Б ә й б і ш е. Жоқ.

Қ а ж ы. Оқ сал, ана төренің қоржынында оқ болса да, алып сал! (Бәйбіше тұрып барып төренің қоржынынан бір кесек нәрсені алып салады.)

КӨРІНІС

Кәріс, Өкендау кіреді.

Қ а ж ы. Өке, отырыңыз!

Ө к е н д а у. Құлдық, қажеке! (Отырады.)

Қ а ж ы. Өке, «Ер басына күн туса, етігімен су кешер; ат басына күн туса, ауыздықпен су ішер» деген заман болды. Маған енді мұнда жатуға болмайды. Мен жүрем. Арғын ортасынан ауып, атаң атам-